


Корпоративтік басқару



68 Директорлар кеңесі

70 Корпоративтік басқару жөніндегі есеп

Корпоративтік басқару

Директорлар кеңесі



Кристофер Хопкинсон



Құрманғазы Есқазиев



Игорь Гончаров



Ержан Жанғауылов



Әсия Сырғабекова



Филип Дэйер



Эдвард Уолш



Аластэр Фергюсон

Кристофер Хопкинсон

ДК Төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары

Кристофер Хопкинсон Шотландиядағы Сент-Эндрюс (St Andrews University) университетін бітірген. Мұнай және газ саласында 1980 жылдан бері жұмыс істейді. ҚМГ ҰК акционерлік қоғамына дейін International Petroleum, Imperial Energy Corporation PLC компанияларында бас директор және BG Тобының Солтүстік Африкадағы активтері бойынша бірінші вице-президент лауазымдарында болды. Бұған дейін Shell және «ТНК-ВР Холдинг» ААҚ-да әртүрлі қызметтерді атқарды. Мұнайшы Инженерлер қоғамының мүшесі.

Кристофер Хопкинсон Компанияның ДК мүшесі болып 2015 жылдың 13 қаңтарында, ал ДК төрағасы болып 2015 жылдың 20 қаңтарында сайланды. Хопкинсон мырза тағайындаулар жөніндегі комитеттің мүшесі.

Құрманғазы Есқазиев

Бас директор, Компания Басқармасының Төрағасы

ҚМГ БӨ Бас директоры (басқарма төрағасы) қызметін 2015 жылдың 23 қыркүйегінен бері атқарады. Қосымша негізде «Ембімұнайгаз» АҚ («ЕМГ») Бас директорының бірінші орынбасары: ЕМГ басқармасы төрағасы болмаған кездерде оның қызметін атқарады. 2013 жылдың желтоқсанынан 2015 жылдың қаңтарына дейінгі аралықта «ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ-ның («ҚМГ ҰК») геология бойынша атқарушы директоры – бас геологы болып жұмыс істеді. 2012 жылдың ақпанынан 2013 жылдың желтоқсанына дейін ҚМГ ҰК Басқармасы төрағасының геология және келешегі зор жобалар жөніндегі орынбасары қызметінде болды. 2004 жылдан 2008 жылға дейінгі аралықта ҚМГ БӨ геология және игеру департаменті директорының орынбасары, бұдан кейін департамент директоры қызметтерін атқарды. Еңбек жолын «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің Балықшы барлау бұрғысы басқармасында бастады. В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін (тау-кен инженер-геологы) және геология-минералогия ғылымдарының кандидаты дәрежесі тағайындауымен Томскі политехникалық университетін оқып бітірді. Құрманғазы Есқазиев Компанияның ДК мүшесі болып 2015 жылдың 26 қарашасында сайланды.

Игорь Гончаров

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ операциялық өндіріс активтері бойынша Басқарушы директоры

1989 жылы Томскі политехникалық институтын (тау-кен инженер-геофизигі), 2000 жылы Томскі басқару жүйелері университетін (программалаушы инженер) және 2002 жылы Heriot-Watt University оқу орнын (Master of Science in Petroleum Engineering) аяқтады.

«ТомскНИПИнефть ВНК» ААҚ-да бас инженер қызметін, «Норд Империа» IEC Group ЖШҚ-да бас директор сынды жетекшілік қызметтерді, Ресей Федерациясының Томскі облысы әкімшілігінде жер қойнауын пайдалану және мұнай-газ кешенін дамыту жөніндегі департамент басшысы және Томскі облысы бойынша 2 сыныпты Мемлекеттік толық кеңесші лауазымдарын атқарды.

ҚМГ Ұлттық компаниясында 2015 жылдың қыркүйегінен бері жұмыс істейді. Игорь Гончаров Компанияның ДК мүшесі болып 2015 жылдың 26 қарашасында сайланды.

Ержан Жанғауылов

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі Басқарушы директоры

Жанғауылов Е.А. бұған дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Вице-президентінің кеңесшісі, Заң қызметінің жетекшісі, Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы директор қызметтерін атқарды. «Мұнай және Газ Транспорты» ҰК» ЖАҚ заң департаментінің директоры, Қазақстан Республикасының Президент Істері Басқармасының заң қызметі және кадрлық жұмыс бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде болды, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Канцеляриясының заңнама, қауіпсіздік және құқықтық тәртіп бөлімінде кеңесші, ҚР әділет министрінің көмекшісі болып жұмыс істеді. Білімі – заңгер, 1992 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген.

Әсия Сырғабекова

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестициялар мен тәуекелдерді басқару жөніндегі Басқарушы директоры

Әсия Сырғабекова бүгінгі таңда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да инвестициялар мен тәуекелдерді басқару жөніндегі Басқарушы директор қызметін 2013 жылдың қараша айынан бері атқарады. ҚМГ БӨ ДК құрамына 2010 жылдың 26 наурызында сайланды. 2003 жылдан бері Халықтық Банк төрағасының орынбасары, сондай-ақ 2004-2006 жылдар аралығында ҚР Халық Банкі басқармасының Төрайымы болды. 1998 жылдан 2003 жылға дейінгі аралықта Ұлттық мұнай-газ компаниясында жұмыс істеп, «Қазақойл», «ҚазТрансГаз», «ҚазМұнайГаз» компанияларында әртүрлі жоғары басшылық қызметтерді атқарды. 1982 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген. 1987 жылы Мәскеу қаржы институтында экономикалық ғылым кандидаты дәрежесін алған.

Филип Дэйер

ҚМГ БӨ Тәуелсіз директоры

Филип Дэйер, құқықтану бакалавры, Сайланған бухгалтерлер институтының мүшесі, сайланған бухгалтер дәрежесін КPMG желісінде жұмыс істеп жүргенде алған, бұдан кейінгі 25 жылда Лондон қор биржасында тіркелген компанияларға кеңес көрсетумен маманданып, банктік инвестициялық қызметпен шұғылданған. Barclays De Zoete Wedd және Citicorp сынды компанияларда жұмыс істеп, бай тәжірибе жинақтаған. 2005 жылы ABNAMRO Noage Govett компаниясынан шығып, артынша, яғни 2006 жылы «Роснефть» компаниясына құнды қағаздарды тиімді етіп орналастыру жөнінде кеңес берумен айналысты. KNOС сатып алғанға дейін Dana Petroleum компаниясында аудит жөніндегі комитеттің төрағасы болды.

Бүгінгі таңда AVEVA Group Plc компаниясының атқарушы емес тәуелсіз аға директоры және сыйақылар жөніндегі комитет төрағасы, The Parkmead Group компаниясының атқарушы емес тәуелсіз директоры және аудит жөніндегі комитет төрағасы, «ВТБ Капитал» ЖАҚ және «Северсталь» ПАҚ компанияларында атқарушы емес тәуелсіз директор. Navigators Underwriting Agency PLC, IP Plus PLC және Arden Partners PLC компанияларында тәуелсіз атқарушы емес директор болған.

Дэйер мырза ҚМГ БӨ ДК мүшесі болып 2010 жылдың мамыр айында сайланды. Олаудит жөніндегі комитет төрағасы және сыйақылар, тағайындаулар, стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттердің мүшесі, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Тәуелсіз комитеттің мүшесі.

Эдвард Уолш

ҚМГ БӨ Тәуелсіз директоры

Эдвард Уолш мұнай және газ саласында отыз жеті жылдан астам жұмыс істейді. «Бритиш Петролеум» және «Бритиш Газ» компанияларында әртүрлі лауазымды қызметтер атқарып, аталған компаниялардың Нигерия, Әбу-Даби, Орталық және Оңтүстік Шығыс Азиядағы барлау және өндіру жұмыстарына жауапты болған. Дублин университетінің қатты заттар химиясы бойынша ғылым докторы. Компанияның Директорлар кеңесі құрамына 2006 жылдың 28 тамызында сайланды. Ол стратегиялық жоспарлау, тағайындаулар, аудит, сыйақылар жөніндегі комитеттерге мүше, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Тәуелсіз комитеттің мүшесі.

Аластэр Фергюсон

ҚМГ БӨ Тәуелсіз директоры

Аластэр Фергюсонның мұнай және газ саласындағы тәжірибесі отыз алты жылдан астам, ол, әсіресе, BP компаниясында біраз жыл жұмыс істеген. 2003 жылдан бері Мәскеуде тұрып жатыр. Алдымен, яғни 2003 жылдан 2011 жылға дейін ТНК-BP-де газ өнеркәсібін дамыту жөніндегі атқарушы вице-президент қызметінде болды, кейін өз жеке кеңесшілік бизнесін ашып, ресейлік және украиндық энергетика бойынша клиенттерге кеңес бере бастады. XENON Capital Partners компаниясының аға кеңесшісі. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Zoltan Resources Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. 2013 жылдың қазан айынан ҚМГ БӨ ДК мүшесі, сонымен қатар, сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы және аудит, стратегиялық жоспарлау комитеттерінің мүшесі, Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Тәуелсіз комитеттің мүшесі.

Корпоративтік басқару**Корпоративтік басқару жөніндегі есеп**

ҚМГ БӨ корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарға сай тәжірибесін алғашқылардың бірі болып қолдана бастаған қазақстандық компания. Инвесторлардың Компанияға және менеджментке деген сенімі корпоративтік басқару деңгейіне тікелей қатысты.

ҚМГ БӨ – Директорлар кеңесі (ДК), Басқарма және акционерлер арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыратын тиімді жүйе әзірлеп, енгізді. Мұндай жүйе барлық акционерлердің мүдделерін сақтай отырып, Компания үшін озық та тартымды инвестициялық мүмкіндіктер іздеуді толық қамтамасыз етеді.

Негізгі акционерлермен арадағы қарым-қатынастарды реттеу Компанияның корпоративтік басқару жүйесіндегі маңызды мәселенің бірі. ҚМГ БӨ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК бас компания арасында Өзара қарым-қатынас келісімі жасалған, оған сәйкес ҚМГ БӨ-нің кәсіпкерлік тәуелсіздігі белгіленіп, Компания өзінің барлық акционерлерінің мүддесіне сай әрекет етуге міндеттеме алған. Компанияның Директорлар кеңесінде үш Тәуелсіз директор жұмыс істейді. Олар Компанияның корпоративтік басқару жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге маңызды рөл атқарады. ҚМГ БӨ Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлар негізгі акционерлердің ықпалы мен менеджмент шешімін бақылау барысына тиімді тепе-теңдік орнатуда мол тәжірибе жинақтаған. Тәуелсіз директорлардың ықпалы заңмен бекітілген талаптар негізінде жүзеге асырылады, мысалға: ДК отырыстарында кворум үшін олардың жалпы санына шаққанда кем дегенде жартысы қатысуы тиіс; олар ДК комитеттеріне мүше болып, төрағалық етуге міндетті; сондай-ақ, басымдық мүддедегі келісімдерді бекітуге тек қана Тәуелсіз директорлар дауыс беруі тиіс. Функционалдық міндеттердің бұлайша белгіленіп, бөлінуі озық тәжірибелерге сай мейлінше тиімді де өлшемді шешім қабылдауға ықпал етеді.

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі

Компанияның басқарушы органы Директорлар кеңесі (ДК), ал атқарушы органы – Компания Басқармасы болып табылады. Басқарманы басқаратын Бас директордың өзі де ДК мүшесі, ол, сондай-ақ Директорлар кеңесіндегі Компанияның бірден-бір жалғыз өкілі. Төраға Кристофер Хопкинсонды қосқанда Директорлар кеңесінің төрт мүшесі «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі. Сол сияқты, ДК құрамына үш Тәуелсіз директор да кіреді. Директорлар құрамының жалпы саны 8 адам.

Корпоративтік басқару Кодексінің ұстану

Жылдық есептің аталған бөлімі Ұлыбританияның Қаржылық Ұйымдарды Бақылау жөніндегі Басқармасының ашықтық және айқындылық тәртіптеріне сай әзірленді (FCA's Disclosure and Transparency Rules) DTR 7.2 (Корпоративтік басқару тәртібі).

Жаһандық депозитарлық қолхаттары Ұлыбританияның Листинг агенттігінің ресми тізіміне енгізілген шетелдік компания ретінде, Компания Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінің ұстануға міндетті емес. Алайда, DTR 7.2-ге сай, Компания өзінің жылдық есебінде корпоративтік басқарудың қазақстандық кодексінің ұстанып, кодекс талаптарын орындап отырғаны туралы ақпарат ұсынуға міндетті, сол сияқты Қазақстан Республикасы заңнамасы талап ететін корпоративтік басқарудың іс жүзінде қосымша қолданатын бүгінгі қағидалары туралы ақпарат беруге міндетті.

2010 жылдың мамыр айында Ұлыбританияның Қаржылық есеп жөніндегі кеңесі (Financial Reporting Council) корпоративтік басқаруды жетілдіру

мәселелері бойынша Ұлыбританияның тәуелсіз үйлестірушісі ретінде Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінің қабылдады, бұған сәйкес 2012 жылы Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне сай болу мақсатында Компанияның Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда қайта қабылданды (жекелеген баптарды есепке алмағанда). Компаниядағы қолданыстағы корпоративтік басқару тәжірибесінің Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексіне көрсетілген тәжірибеден айырмашылығы туралы ақпарат жылдық есептің осы бөлімінде келтірілген.

Директорлар корпоративтік басқарудың маңыздылығын мойындай отырып, Компаниядағы корпоративтік басқару стандарттарын дамыту мәселесін қолдайды. Компания корпоративтік басқару тәртіптерін әрі қарай дамытып, Қазақстан Республикасы заңнамасына сай, Компания үшін қосымша міндет белгілейтін корпоративтік бақылау ережелерін қолдануға әзір.

Қазақстанның корпоративтік басқару кодексі және компанияның корпоративтік басқару кодексі

Корпоративтік басқарудың қазақстандық кодексіне Қазақстандағы корпоративтік басқарудың озық тәжірибелері келтірілген. Корпоративтік басқарудың қазақстандық кодексі корпоративтік басқару саласындағы халықаралық стандарттарды есепке ала отырып, 2002 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жанындағы Құнды қағаздар нарығы мәселелері бойынша сарапшылар кеңесінің шешімімен бекітілген Қазақстанның акционерлік ұйымдарына арналған Корпоративтік басқару қағидаларын қолдану жөніндегі ұсыныстар негізінде әзірленген. Кодекс 2005 жылдың наурыз айында Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы Кеңесі тарапынан және 2005 жылдың ақпан айында Эмитенттер кеңесі тарапынан мақұлданды.

Қазақстанның Корпоративтік басқару кодексінің Компания өз Корпоративтік басқару кодексі ретінде қабылдады. 2012 жылы Компанияның Корпоративтік басқару кодексі 2010 жылы қабылданған Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне сай болу мақсатында қайта жаңартылып қабылданды (кейбір ережелерді есепке алмағанда, бұл туралы ақпарат жылдық есептің аталған бөлімінде келтірілген). Компания қабылдаған толықтырулар Қазақстанның Корпоративтік басқару кодексіне ескерілген міндеттемелердің үстінен ҚМГ БӨ-ге қосымша міндеттер жүктейді. Компания, бұл қосымша толықтырулар Компания қолданып отырған корпоративтік басқару тәртібін одан әрі нығайта түседі деп есептейді. ҚМГ БӨ Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне өзге де ережелерді назарға ала отырып, алдағы уақытта корпоративтік басқарудың өзіндік стандарттарын әрі қарай жетілдіруге талпыныс білдіреді.

Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын (атап айтқанда – Корпоративтік басқару кодексі талаптарын) толықтыру ретіндегі Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне қосымша ережелер:

- Корпоративтік басқарудың мынадай қосымша қағидалары енгізілді:
 - Қоғамның тәуелсіз қызметі қағидасы;
 - Жауаптылық қағидасы;
- Кей қағидалар төмендегідей әртүрлі ережелермен толықтырды, яғни:
 - Әлеуметтік саясат қағидасы;

- Компания акционерлерімен арадағы қарым-қатынас құрылымының ережесі;
- Өкілеттіліктерді ДК төрағасы мен Бас директор арасында бөлу;
- ДК төрағасының міндеттерін сипаттайтын ережелер;
- Тәуелсіз директорлардың ең аз саны туралы талап;
- Тәуелсіз директорлардың «тәуелсіздігін» орнату талаптары мен белгілеу қағидаларын реттеуші қосымша ережелер;
- Компания директорларының ақпараттарға деген қолжетімділігі мен кәсіби біліктілігін арттыру ережелері;
- Директорларға сыйақы тағайындау қағидаларын реттеу ережелері;
- Инсайдарлік ақпараттарды қорғау ережесі;
- Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі ДК жауапкершілігі туралы ереже;
- ДК төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау тұрғысындағы ережелер;
- ДК мүшелерін сайлау/қайта сайлау тұрғысындағы ережелер.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің қолданыстағы редакциясы ҚМГ БӨ сайтында жария етілген.

2015 жыл ағымында Компания Қазақстанның Корпоративтік басқару кодексі ережелерін барлық маңызды қырлары бойынша ұстанып, орындай білді.

2015 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі өз қызметіне тәуелсіз баға беру шарасын дер кезінде өткізді.

- Компанияның Корпоративтік басқару кодексі ДК міндетінде (ішкі аудит жөніндегі комитетпен бірге) жылына кем дегенде бір рет тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне баға беруді жүзеге асыруды қарастырған.

Директорлар кеңесінде тәуекелдер бойынша бөлек комитет құрылмаған, сондықтан да, комитет туралы ережеге сай, жоғарыда көрсетілген өкілеттілік Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің құзырына берілген. Аудит жөніндегі комитеттің қызметі туралы толық ақпарат аталған есептің 77 бетінде берілген. 2014 жылдың соңынан 2015 жылдың бірінші тоқсанына дейін «Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту жөнінде кеңес беру қызметі» жобасы бойынша сыртқы кеңесші «Эрнст энд Янг – кеңес беру қызметі» ЖШС жұмыс жүргізді. Жоба қорытындысы бойынша Тәуекелдерді басқару жетекшілігі, Тәуекелдерді корпоративтік басқару ережелері, тәуекелдерді басқару саясаты одан әрі өзекті етіліп, ҚМГ БӨ деңгейінде инвестициялық жобаларды бағалау және тәуекелдерді шоғырландыру әдістемелері әзірленді.

Компанияның корпоративтік басқару кодексінің Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі ережелерінен айырмашылығы

Төменде Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі ережелерінен негізгі айырмашылықтары келтірілген.

- Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі ережелеріне сай Директорлар кеңесінің төрағасы қызметке тағайындалғаннан кейін Ұлыбританияның Корпоративтік бақылау кодексіне белгіленген тәуелсіздік өлшемдерін қанағаттандыруы тиіс. Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне ДК төрағасының тәуелсіздігіне қатысты ереже енгізілмеген, директорлардың пікірінше, Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне берілген тиісті ережелердегі не Компанияның Корпоративтік кодексінің тиісті ережелеріндегі тәуелсіздік өлшемдерін ДК төрағасы қанағаттандыра алмас еді. Директорлар кеңесінің төрағасы ірі акционердің өкілі болып табылады.

- Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексіне қарастырылғандай, Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде жартысы, төрағаны қоспағанда, тәуелсіз директор болулары тиіс.

Бұдан айырмашылығы – Компанияның Корпоративтік басқару кодексі мен Компанияның Жарғысына сай ДК мүшелерінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы талап етіледі. Компания Жарғысына сай, бірқатар негізгі мәселелер, оның ішінде басымдық мүддедегі келісімдер мен ірі келісімдер, әлеуметтік шығындарды мақұлдау және жер қойнауын пайдалану келісімшарттарын жасасу сынды мәселелер тәуелсіз директорлардың басым дауысымен мақұлданды талап етеді. Компания Жарғысымен корпоративтік сайтта танысуга болады.

- Сол сияқты, Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексіне қарастырылғандай, Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлардың бірін тәуелсіз аға директор етіп тағайындауы тиіс. Бүгінгі таңдағы акционерлер құрылымын есепке алсақ, Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне Директорлар кеңесі тарапынан тәуелсіз аға директор тағайындау мәселесі ескерілмеген. Тәуелсіз аға директорға қатысты талап уақыт өте қайтадан қаралатын болады.

- Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі бойынша атқарушы емес директорлар басқарма жұмысының келісілген мақсаттар мен міндеттерге сай келуі тұрғысында түбегейлі сараптама жасап, басқарма қызметіне толық бақылау жүргізуі тиіс, сондай-ақ ұсынылған қаржылық ақпараттың толық көлемде берілетініне, сол сияқты, қаржылық бақылау және тәуекел менеджменті жүйелері тиімді де сенімді екендігіне көз жеткізуі тиіс.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексі бұл тұрғыдағы жауапкершілікті Директорлар кеңесі мүшелерінің бәріне бірдей жүктейді.

- Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі атқарушы емес директорларға атқарушы директорлардың сәйкес деңгейдегі сыйақыларын анықтау жауаптылығын жүктейді және, сонымен қатар, қажет жағдайда атқарушы директорларды қызметінен босатып, сабақтастық ұстанымдарын жоспарлау мәселелерін де міндет етеді.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексі атқарушы директорлардың сәйкес деңгейдегі сыйақыларын анықтау жауаптылығын ДК комитеттеріне жүктеп, атқарушы директорларды тағайындау және қызметтен босату барысында ДК комитеттерінің қатысуын ескерген. Іс жүзінде – Басқарма мүшелерінің сыйақы деңгейлерін анықтап, оларды тағайындау мәселелері мажоритарлы акционердің ықпалында қалып отыр.

Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жөніндегі есеп (жалғасы)

Директорлардың жауапкершілігі туралы мәлімдеме

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сай, Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның жылдық және қаржылық есептері үшін жауапты.

Ұлыбритания Листинг агенттігінің (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) Ашықтық және айқындық ережелері бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі (63-65 беттерді қараңыз) қолында бар ақпаратқа жүгіне отырып, төмендегілерді мәлім етеді:

- Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының бір ізге келтіріліп біріктірілген балансы ретіндегі ҚЕХС талаптарына сай әзірленген қаржылық есеп Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, шаруашылық-қаржылық қызметі туралы толыққанды шынайы ақпарат береді;
- басшылық есебі Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі мен қаржылық жағдайы туралы және оның еншілес кәсіпорындарымен ортақ міндеттемелері жөнінде шынайы мәліметтен құралған, мұнда, сондай-ақ Компания мен еншілес кәсіпорындар ұшырасып жататын маңызды тәуекелдер мен тұрлаусыз жағдайлардың сипаты да қоса берілген.

ДК құрылымы

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына сегіз адам кірді, олар:

Аты-жөні	Қызметі
Кристофер Хопкинсон	ДК төрағасы
Құрманғазы Есқазиев	ДК мүшесі (Бас директор)
Ержан Жанғауылов	ДК Мүшесі
Әсия Сырғабекова	ДК Мүшесі
Игорь Гончаров	ДК Мүшесі
Филип Дэйер	Тәуелсіз директор
Эдвард Уолш	Тәуелсіз директор
Аластэр Фергюсон	Тәуелсіз директор

2015 жылдың 13 сәуірінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің сандық құрылымы 8 адам деп және 2015 жылдың 13 сәуірінен 2016 жылдың 13 сәуіріне дейінгі аралықты қосқандағы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің дербес құрамы бекітілді.

2015 жылдың 13 сәуірінде кезектен тыс өткізілген акционерлердің жалпы жиналысының қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің төмендегідей дербес құрамы сайланды:

1. Хопкинсон Кристофер Саймон – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
2. Хиллман Кёртвуд Стоун – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
3. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
4. Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ өкілі;
5. Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлы – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);

6. Фергюсон Аластэр Муир – тәуелсіз директор;

7. Уолш Эдвард Томас – тәуелсіз директор;

8. Дэйер Филип Эндрю – тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің мүшелері А.А. Нұрсейітов пен К. Хиллман ұсынған жазбаша хабарламалар негізінде олардың Директорлар кеңесі мүшесі ретіндегі өкілеттіліктері сәйкесінше 2015 жылдың 7 қыркүйегінен және 2015 жылдың 20 қазанынан доғарылды.

2015 жылдың 26 қарашасында өткен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындысы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына Директорлар кеңесі үшін жалпылай бекітілген өкілеттілік мерзімге Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы және Гончаров Игорь Валерьевичті (акционердің өкілі ретінде) сайлау жөнінде шешім қабылданды.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сай, Директорлар кеңесі директорлардың тәуелсіздігі жөніндегі деректі бекітіп, Филип Дэйер, Эдвард Уолш және Аластэр Фергюсон сипаты бойынша және шешім қабылдауда тәуелсіз мамандар деп есептейді. ДК аталған директорлардың тәуелсіз шешімдеріне ықпал ететін не ықпал етуі ықтимал қандай да бір жағдай не қатынас жоқ деп белгіледі.

Басқарма құрылымы

2015 жылдың 12 қаңтарынан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде басқарма құрамына төмендегідей өзгерістер енгізілді:

- Компанияның басқарма құрамының санын 7 адам деп белгілеу жөнінде шешім қабылданды;
- басқарманың жалпылай алғандағы өкілеттілік кезеңіне Бизнесті дамыту жөніндегі Басқарушы директор Илеуов Азиз Тоқшалықұлын басқарма мүшесі етіп сайлау жөнінде шешім қабылданды.
- Бұған дейін Бизнесті дамыту бойынша Басқарушы директор қызметін атқарған Дастан Абдулғафаров Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды.
- Директорлар кеңесінің шешімімен 2015 жылдың 7 қыркүйегінде Бас директор (басқарма төрағасы) Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлының өкілеттілігі мерзімінен бұрын доғарылды.
- Директорлар кеңесінің шешімімен 2015 жылдың 23 қыркүйегінде Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы Компанияның Бас директоры (басқарма төрағасы) болып сайланды.
- Сол сияқты, 2015 жылдың 30 желтоқсанында тараптардың келісімі бойынша Қоғам басқармасының мүшесі Әшірбекова Ботагәзбен еңбек қатынастары доғарылды.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқарма мүшелері:

Аты-жөні	Қызметі
Құрманғазы Есқазиев	Бас директор және Басқарма төрағасы
Қайырбек Елеусінов	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары
Дастан Абдулғафаров	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Мәлік Сәулебай	Құқықтық мәселелер бойынша Басқарушы директор
Азиз Илеуов	Корпоративтік басқару бойынша Бас директор
Шэйн Дрейдер	Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

ДК және басқарма жауапкершілігі

Компанияның Директорлар кеңесі, Басқарма және Бас директоры арасындағы өкілдіктерді бөлу мәселесі Компания Жарғысының 12 және 13 баптары бойынша белгіленеді. Сондай-ақ, ДК және Басқарма өкілдіктері мен жауапкершілігі ДК туралы Ереже мен Басқарма туралы Ережеде реттеліп белгіленген.

ДК Компания қызметіне тиісті бақылау жүргізіп, тиімді жолмен басқару үшін акционерлер алдында жауапты және де ДК бекітілген шешім қабылдау жүйесіне сай әрекет етеді. Компанияның стратегиялық дамуы мен стратегиялық саясатын анықтап, әлеуетті мұнай-газ активтерін сатып алу жөнінде шешімдер қабылдау сынды өзге де мәселелер Директорлар кеңесінің маңызды қызметінің бірі болып табылады.

Өз кезегінде, Басқарма, аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарын әзірлеуге және Компанияның ағымдағы операциялық қызметіне жауапты. Басқарма ДК алдында Компанияның алға қойған мақсаттарына қол жеткізу тұрғысында жүргізілген жұмыс ауқымы бойынша есеп береді.

ДК тұрақты негізде және қажетінше отырыс өткізіп отырады.

2015 жылы ДК 58 отырыс өткізді, оның ішінде бетпе-бет негізде 14 отырыс, сырттай – 44 отырыс.

Жыл бойында ДК өзге де шаралармен қатар төмендегідей мәселелерді қарастырды:

- Компанияның бюджеті мен бизнес-жоспарларын бекіту.
- Геологиялық барлау мәселелері.
- Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және техникалық қауіпсіздік мәселелері.
- Жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына өзгерістер енгізу мәселелері.
- Компанияның басымды мүддедегі келісімдерін мақұлдау («Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ. Бұл жайындағы толық ақпарат 82-115 беттегі шоғырландырылған қаржылық есеп пен «Қаржылық жағдайға және қаржы-экономикалық қызмет нәтижелеріне талдау» есебінде берілген).
- Акцияларының он және оннан астам пайызы Компанияға тиесілі (Жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) заңды тұлғалар қызметіне қатысты мәселелер.

- Келісімшарт аумақтарын қайтару туралы.
- Қызметтік жалақы мөлшері мен еңбекақы төлеу және Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу талаптарын анықтау.
- 2014 жылдың шоғырландырылған есебін алдын ала бекіту.
- 2014 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд көлемі жөнінде ұсыныстар енгізу.
- Ішкі аудит қызметінің жоспары мен есептерін, ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау барысын қарау.
- Компанияның ақшалай қаражатын басқару барысына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның қатысуы жөнінде.
- Жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы.
- Компанияның орталық аппараты құрылымы туралы.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Барлау Өндіру бизнес-бағытын түрлендіру Жарғысын жүзеге асыру аясында Компанияның Түрлендіру және ақпаратты ашу жөніндегі бағдарламасына қатысуы жөнінде.
- Компанияның 2015-2016 жж. Стратегиялық ұсыныстары жөнінде.
- Мұнай-газ активтерін сатып алу тұрғысындағы әлеуетті жобалар жөнінде.
- Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай жеткізу мәселесінің ағымдағы мәртебесі жөнінде.
- Тәуекелдерді басқару жөнінде.

2015 жылы Директорлар кеңесі төмендегідей құжаттарды бекітті:

- Компанияның жаңа редакциядағы Тәуекелдерді басқару саясаты.

2015 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі жанынан – қазақстандық және/немесе шетелдік қор нарықтарында орналастырылған базалық активі Қоғам акциялары болып табылатын акциялардың және/немесе өзге де құнды қағаздардың делистингі және/немесе оларды сатып алу, қайтарып сатып алу мәселелері бойынша құрылған Тәуелсіз комитет өз қызметін жүргізді. Тәуелсіз комитет құрамына тек қана Қоғамның тәуелсіз директорлары Филип Дэйер, Эдвард Волш және Алстэр Фергюсон енді. Қоғамның ДК жанындағы тәуелсіз комитеті туралы Ереже бойынша Brunswick, HSBC, Rothschild's, Linklaters компанияларымен және қазақстандық заң компаниясымен қазақстандық және/немесе шетелдік қор нарықтарында орналастырылған базалық активі Қоғам акциялары болып табылатын акциялардың және/немесе өзге де құнды қағаздардың делистингі және/немесе оларды сатып алу, қайтарып сатып алу мәселелері жөнінде кеңес беру қызметін сатып алу жүзеге асырылды.

Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жөніндегі есеп (жалғасы)

Комитеттер құрамы

Аудит жөніндегі комитет

- Филип Дэйер
- Эдвард Уолш
- Аластэр Фергюсон

Тағайындаулар жөніндегі комитет

- Эдвард Уолш
- Филип Дэйер
- Кристофер Хопкинсон

Сыйақылар жөніндегі комитет

- Аластэр Фергюсон
- Филип Дэйер
- Эдвард Уолш

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

- Эдвард Уолш
- Тимур Бимағамбетов
- Абат Нүсейітов
- Филип Дэйер
- Аластэр Фергюсон

Тәуелсіз комитет

- Филип Дэйер
- Эдвард Уолш
- Аластэр Фергюсон

ДК мүшелері мен комитет мүшелерінің 2015 жылы ДК отырыстарына қатысуы туралы ақпарат

	ДК	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындаулар жөніндегі комитет	Сыйақылар жөніндегі комитет	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет
2015 жылы өткізілген отырыс саны	58	15	6	7	4
Данияр Берлібаев	3	–	–	–	–
Кристофер Хопкинсон	55	–	5	–	–
Абат Нүсейітов	40	–	–	–	3
Кұрманғазы Есқазиев	4	–	–	–	–
Кертвуд Хиллман	32	–	–	–	3
Игорь Гончаров	3	–	–	–	–
Тимур Бимағамбетов	14	–	–	–	–
Ержан Жанғауылов	57	–	–	–	–
Әсия Сырғабекова	56	–	–	–	–
Аластэр Фергюсон	58	15	1	7	4
Филип Дэйер	58	15	6	7	4
Эдвард Уолш	58	15	6	7	4

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады. 2015 жылы тұрақты негізде және қажеттілігіне қарай Компания Басқармасы 36 отырыс өткізді.

2015 жылы Компания Басқармасы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына өзгерістер енгізуге қатысты бірқатар мәселелерді мақұлдады, сол сияқты Қоғамның операциялық құрылымын өзгерту мәселесі қаралып, бұл, Компанияға, өз кезегінде, қаржылық-шаруашылық қызмет мәселелері бойынша оперативтік шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді.

Басқарма Акционерлердің Жалпы Жиналысының, Директорлар кеңесінің және Компанияның лауазымды тұлғаларының ерекше құзырына жатқызылмайтын Компания қызметін қамтамасыз етуге қатысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер шығарады.

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет мүшелері

2015 жылы аталған комитет құрамына тек қана тәуелсіз директорлар, атап айтқанда Филип Дэйер (комитет төрағасы), Эдвард Уолш және Аластэр Фергюсон енді. Аудит жөніндегі комитетке тағайындаулар үш жылға дейінгі кезеңге бекітіледі. Бұл мерзім ДК шешімімен үш жылдан тұратын қосымша екі кезеңнен аспайтын кезең аралығында ұзартылуы мүмкін, мұндай жағдайда аудит жөніндегі комитет мүшелері тәуелсіз болып қалуы тиіс.

Аудит жөніндегі комитеттің жауапкершілігі және міндеттері

Аудит жөніндегі комитет өзге де мәселелермен қатар Компанияның қаржылық ақпараты бар қандай да бір есеп үшін, тәуекелдерді басқару жүйесі мониторингі мен ішкі бақылау жүйелері үшін және Компания аудиторларын аталған үдеріс барысына тартып, қатыстыру үшін жауапты. Ол, сондай-ақ Компанияның ішкі бақылау процедураларының орындалуын қадағалайтын Компанияның ішкі аудит қызметінен ақпарат алады. Атап айтқанда, комитет заңнама талаптары мен бухгалтерлік стандарттарға сай Ұлыбританияның Листинг агенттігі (UKLA) және Қазақстан қор биржасы (KASE) қолданысқа алған ережелердің орындалуын қадағалау және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету мәселелерімен айналысады. Сонымен қатар, Директорлар кеңесіне де жылдық қаржылық есепті алдын ала мақұлдау жауапкершілігі жүктелген.

Аудит жөніндегі комитет сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі ірі келісімдерді арагидік тексеріп, Аудит жөніндегі комитетке ДК тарапынан түсуі мүмкін барлық сұрақтар мен мәселелерді өз қарауына алады.

Жыл сайын Акционерлердің Жалпы Жиналысында Аудит жөніндегі комитет төрағасы Директорлар кеңесі арқылы Аудит жөніндегі комитеттің қызмет нәтижесі бойынша мәлімет беріп, комитет қызметіне қатысты туындаған сұрақтарға жауап береді.

Аудит жөніндегі комитеттің 2015 жылғы қызметі

Аудит жөніндегі комитет 2015 жылы 15 отырыс өткізді. Аудит жөніндегі комитет төрағасы комитет отырыстарын өткізу кезеңі мен мерзімі туралы шешім шығарады. Отырыстар саны комитет міндеттерін орындау талаптарына сай анықталады. Сонымен қатар, отырыстар саны бір жылда төртеуден кем болмауы тиіс, бұл отырыстар Компанияның қаржылық есебі мен аудитін жүргізуге әзірлік кезеңінің негізгі күндеріне сай келуі тиіс (ішкі және сыртқы аудиторлардың аудиторлық жоспарлары дайын болғанда және аралық қаржылық есептер мен алдын ала мәлімет етілетін хабарландыруларды және жылдық есепті қорытындылау мерзімі таянғанда).

2015 жылы Аудит жөніндегі комитет төмендегідей мәселелерді қарады:

1. Қаржылық есеп
 - a. ҚЕХС талаптарына сай қаржылық есепке дайындық мәселелерін қарастыру;
 - b. Қазақстан және Лондон қор биржаларында жария ету үшін тоқсандық және жылдық қаржы есептерін бекіту;
 - c. Қаржылық есеп және қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижесі бойынша баспасөз мәліметтерін мақұлдау.
2. Ішкі аудит
 - a. Ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспарын қарап, бекіту;
 - b. Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері;
 - c. Ішкі аудиттің тиімділігін бағалау.

3. Сыртқы аудиторды белгілеу жөніндегі ұсыныстар.
4. Тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйелерінің мониторингі.
5. Компанияның ақшалай қаражаты қозғалысының болжамдары.
6. Ақшалай қаражатты басқару саясатын ұстану.
7. Комплаенс мәселелері.

Сыйақылар жөніндегі комитет

Сыйақылар жөніндегі комитет мүшелері

2015 жылы аталған комитет құрамына тек қана тәуелсіз директорлар енді: Алстэр Фергюсон (комитет төрағасы), Филип Дэйер және Эдвард Уолш. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың ДК мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзіміне сай.

Сыйақылар жөніндегі комитеттің жауапкершілігі және міндеттері

Сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің, Бас директордың, Басқарма мүшелерінің және Компанияның өзге де қызметкерлерінің Компаниядағы қолданыстағы сыйақылар жүйесіне мониторинг жүргізуге жауапты, оның ішінде өзге де компаниялармен салыстырғандағы сыйақылар саясатына сараптама жүргізу де ескерілген.

Сол сияқты, Сыйақылар жөніндегі комитет Компанияның Директорлар кеңесіне, Бас директоры мен Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақылар мен өтемақылар көлемін анықтау қағидалары мен өлшемдерін және төлем жасау жағдайларын, Компанияның опциондық жоспарларының жағдайы мен Компания басшыларының, жұмыскерлерінің өзге де ұзақ мерзімдік мотивациялау бағдарламаларын мақұлдау бойынша ұсыныстар әзірлеп, ДК назарына шығаруға міндетті.

Сыйақылар жөніндегі комитет Компанияның сыйақылар саласындағы саясаты мен Компаниядағы қолданыстағы сыйақылар жүйесін ұштастырып, Компанияның даму стратегиясын қаржылық жағдай мен еңбек нарығындағы жағдаймен қиыстыруға қадағалау жүргізеді.

Сонымен қатар, Сыйақылар жөніндегі комитет Компанияның ДК мүшелеріне төленетін сыйақы көлемі мен тәртібі жөніндегі Акционерлердің Жалпы Жиналысының шешімдерін орындауға бақылау жүргізеді.

Сыйақылар жөніндегі комитет өз жұмысы туралы ДК алдында тұрақты түрде есеп береді, сол сияқты, жыл сайын комитет тарапынан Сыйақылар жөніндегі комитет туралы ереженің орындалуына сараптама жасап, бұл тұрғыда Директорлар кеңесіне ақпарат береді.

Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жөніндегі есеп (жалғасы)

Сыйақылар жөніндегі комитеттің 2015 жылғы қызметі

Сыйақылар жөніндегі комитет 2015 жылы 7 отырыс өткізді. Комитет отырысы қажет жағдайда алты айда бір рет өткізілуі тиіс. Отырыстар комитет төрағасының не комитет мүшесінің ұсынысымен немесе ДК шешімі бойынша шақырылады.

Сыйақылар жөніндегі комитет 2015 жылы төмендегідей мәселелерді қарастырды:

- Басқарма мүшелері мен ішкі аудит қызметкерлерінің және корпоративтік хатшының қызметтік жалақы мөлшері мен еңбекақы төлеу жағдайын және сыйақы мөлшерін анықтау.
- Опциялық бағдарламаға қатысты мәселелер.

Тәуелсіз директорларға 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша есептелген сыйақылардың жалпы сомасы төмендегі кестеде көрсетілген:

Аты-жөні	Жылдық 000 \$ US	Нақты қатысу	Телефон/ видео арқылы қатысу	Тәуелсіз директорлардың отырысы 000 \$ US	Комитетті басқару	2015 ж. барлығы (салықтарды шегергенде) 000 \$ US	2015 ж. барлығы (салықтарды қосқанда)
Аластэр Фергюсон	150	80	30	20	15	295	81,264.24
Эдвард Уолш	150	80	30	20	15	295	80,665.31
Филип Дэйер	150	80	30	20	25	305	82,893.69

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері ДК мүшесі ретінде сыйақы алмайды, бірақ бұл тұрғыдағы тағайындауларға қатысты шығындардың өтелуіне құқылы.

2015 жылдың қорытындысы бойынша Басқарма мүшелері сыйақыларының жиынтық көлемі 803,521 мың теңгені құрады.

Тағайындаулар жөніндегі комитет

Тағайындаулар жөніндегі комитет құрамына 2015 жылы Эдвард Уолш (комитет төрағасы), Филип Дэйер және Кристофер Хопкинсон енді. Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 20 қаңтарындағы шешімімен тәуелсіз директор Аластэр Фергюсон Комитет құрамынан шығарылды (Хаттама №4). Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компания органдарындағы лауазымды қызметтерді алмастыруда маман таңдау тұрғысындағы Директорлар кеңесінің жұмыс сапасы мен тиімділік көрсеткішін арттыру, сол сияқты Компаниядағы лауазымды тұлғаларды алмастыруда сабақтастық қағидаларын қамтамасыз ету, Компанияның Директорлар кеңесіне мүшелікке, Бас директор лауазымына, Басқарма мүшелігіне және корпоративтік хатшы қызметіне үміткерлер таңдау өлшемдерін белгілеу.

Тағайындаулар жөніндегі комитет ДК және Басқарма құрамындағы өзгертулерге қатысты, корпоративтік хатшы қызметіне тағайындау мен өкілеттілігін тоқтатуға, зейнетке шығуға қатысты, сондай-ақ қосымша және алмастырушы директорларды тағайындауға қатысты мәселелерді қарастырады.

Тағайындаулар жөніндегі комитеттің 2015 жылғы қызметі

Тағайындаулар жөніндегі комитет 2015 жылы 5 отырыс өткізді, онда төмендегідей мәселелер қаралды:

- Компанияның ДК мүшелігіне кандидаттар бойынша ДК ұсыныстары;
- ДК комитеттерінің құрамы бойынша ДК ұсыныстары;
- Компанияның Бас директорының (басқарма төрағасының) өкілеттілігін мерзімінен бұрын доғару және оның міндетін атқарушы тұлғаны тағайындау бойынша ДК ұсыныстары;
- Компанияның Бас директорын (басқарма төрағасын) сайлау бойынша ДК ұсыныстары.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына 2015 жылы Эдвард Уолш (комитет төрағасы), Тимур Бимағамбетов, Абат Нұрсейітов, Филип Дэйер және Аластэр Фергюсон енді. ДК мүшелері Т. Бимағамбетов, А. Нұрсейітов және К. Хиллман мырзалардың өкілеттіліктерін доғаруға байланысты 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Комитет құрамында тек 3 тәуелсіз директор болды. Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компания қызметіндегі басымды бағыттар мен стратегиялық даму мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеп, Компанияның Директорлар кеңесінің назарына жеткізу.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2015 жылғы қызметі

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2015 жылы 4 отырыс өткізді, онда төмендегідей мәселелер қаралды:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның 2015-2016 жж. стратегиялық ұсыныстары жөніндегі бағдарламасы туралы (Қоғамның бекітілген стратегиялық дамыту жоспары аясында);
- «ҚазМұнайГаз» АҚ қызметінің 2015 жылға мақсат етілген түзетілген негізгі корпоративтік көрсеткіштерін мақұлдау туралы;
- Мұнай-газ активтерін сатып алу тұрғысындағы әлеуетті жобалар туралы.

Негізгі акционерлер және/немесе ЖДҚ ұстаушылары

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Компания акцияларына иелік етушілердің қолындағы акциялар саны хабарлануы тиіс, соған сәйкес төменде 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның құнды қағаздарын ұстаушылардың тізімі берілген. Бұл талап ЖДҚ ұстаушыларына қатысты қолданылмайды, алайда Компания, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Қытай Халық Республикасының мемлекеттік инвестициялық қоры China Investment Corporation (CIC) Компанияның ЖДҚ түріндегі 11%-дай акциясына тең келетін ЖДҚ сатып алғаны жөнінде мәлім еткені туралы ақпаратты көрсету қажет деп санайды.

Акционер	Қарапайым акциялардың саны	Артықшылық акциялардың саны	Барлық орналастырылған акциялар
Шығарылған акциялар саны	70,220,935	4,136,107	74,357,042
«ҚазМұнайГаз» АҚ иелігінде	43,087,006	–	43,087,006
Шығарылған акционерлік капиталдан пайыздық көрсеткіш	61.36%	0.00%	57.95%

Директорлардың келісімдері, директорларды тағайындау жөніндегі хаттар мен басқарма мүшелерінің еңбек келісімдері

Басқарма мүшелерінің еңбек келісімдері

Басқарма мүшелері түгелдей Компаниямен арада еңбек келісмін жасасқан. Компанияның ішкі ережелеріне сай, еңбек келісімі оларға, әдетте, іссапар барысында орын алуы мүмкін жазатайым оқиғалардан сақтандыру және қызмет сапары барысындағы шығындарды өтеу мүмкіндігін береді.

Компанияның ДК немесе Басқарма мүшелерімен арада жоғарыда көрсетілгеннен өзге еңбек келісімдері жоқ және басқа да келісім жасалу мүмкіндігі ескерілмеген.

Тәуекелдерді басқару

Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді. Аталған жүйе Компанияның алдағы бизнес мақсаттарына қол жеткізу тұрғысындағы елеулі тәуекелдер ауқымын анықтап, бағалау және басқару мақсатында әзірленген, сонымен қатар, бұл арада акционерлердің Компанияға бағытталған инвестицияларын сақтап, ұлғайту мәселесіне де ерекше мән берілген.

Бұл жүйе әлемдік деңгейде сенімді түрде қолданылып отырған халықаралық әдістер негізінде, сондай-ақ Лондон қор биржасы листинг ережелері мен Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі талаптарын ескере отырып әзірленген.

Қолданыстағы бағынушылық тәртібі мен бақылау элементтері арасындағы қарым-қатынас тиімді қызмет барысына қажет тәуелсіздік деңгейін қамтамасыз етеді және осы саладағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелерге толық сай келеді.

Тәуекелдерді басқару тәжірибесін жетілдіру мақсатында Компания 2015 жылы өзінің Тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер енгізді. Бұл саясат Компанияның жалпы корпоративтік мақсаттарына қол жеткізуде басқару органдары мен барлық жұмыскерлер өз қызметінде басшылыққа алатын тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша рөлдер мен жауапкершіліктерді бөлуді және тәуекелдерді басқару саласындағы стратегияны белгілейді.

Компанияның ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне Компанияның ішкі бақылау жүйесі қаншалықты дұрыс ұйымдастырылып, тиімді жұмыс істейтіні жөнінде шынайы ақпарат ұсынады. Өз жұмысында ішкі аудит қызметі тәуекелге бағытталған тәсіл қолданады. Бұл тәсіл компания қызметінің ең маңызды салаларын анықтап, оларға барынша назар аударуға мүмкіндік береді, осылайша Компанияның жалпы тиімділік деңгейі мен корпоративтік басқау сапасын арттыруға қолғабыс етеді. Ішкі аудит қызметі ұсыныстардың басшылық тарапынан орындалуын қадағалап, олардың нәтижесі бойынша Аудит жөніндегі комитет пен ДК алдында есеп береді.

Басқарма тәуекелдерді басқаруға қатысты Тәуекелдерді басқару комитетін құрған, оның қызметі жайлы толығырақ ақпарат төменде берілген.

Корпоративтік басқару**Корпоративтік басқару жөніндегі есеп (жалғасы)****Тәуекелдерді басқару комитеті**

Тәуекелдерді басқару комитеті Компания Басқармасы жанынан құрылған кеңес беріп, жиын құрушы орган.

Комитет құрамына Компания басқармасының мүшелері мен Компанияның негізгі функционалдық бағыттары бойынша басшылары енген.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компаниядағы тәуекелдерді басқару мәселелерін жеделдетіп қарастыру, Басқарма тарапынан тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шығарылатын шешімдер бойынша ұсыныстар әзірлеу және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Компания тәуекелдерінің бейіні бойынша жалпы ақпаратты 58 беттегі «Тәуекелдер факторы» тарауынан табуға болады, ал қаржы тәуекелдері жөніндегі ақпарат Шоғырландырылған қаржылық есепке берілген Ескертулерде келтірілген.

Ұлыбританиядағы салық салу жөніндегі ақпарат

Төменде берілген шолу аталған құжатта көрсетілген күнге сай Ұлыбритания заңдары мен салықтық және кедендік алымдар жөніндегі Ұлыбритания Мемлекеттік Басқармасы тәжірибесіне негізделген, олардың әрқайсысы өзгеріске ұшырауы мүмкін, тіпті кері күшке жүгінуі де әбден ықтимал. Егер басқа да нұсқаулар болмаса, аталған шолу акциялардың немесе жаһандық депозитарлық қолхаттардың абсолютті бенефициарлық иелеріне қатысты Ұлыбританиядағы салық салудың бірқатар салдарына ғана қатысты болмақ, олар (1) салық салу мақсатында Ұлыбритания резиденттері болып табылғанда; (2) салық салу мақсатында қандай да бір құзырет аясында резидент болып табылмаса; және (3) Қазақстан Республикасында акцияларға не ЖДҚ-ға иелік етуге қатысты тұрақты мекемесі жоқ («Ұлыбританиялық Ұстаушылар») болса.

Сол сияқты, аталған шолуда (1) негізгі капитал ретінде акцияларға және ЖДҚ-ға иелік ететін Ұлыбритания Ұстаушыларына қатысты салықтық салдарлар ғана қарастырылады, және де Ұлыбритания Ұстаушыларының бірқатар өзге санатындағыларға қатысты болуы ықтимал салықтық салдарлар қарастырылмайды (мысалға, дилерлерге қатысты); (2) Ұлыбритания Ұстаушысының Компанияның дауыс беру акцияларының 10 не одан да жоғары пайызына тікелей не жанама түрде бақылау жүргізбеуі рұқсат етіледі; (3) ЖДҚ ұстаушысының осы тұрғыдағы акциялар бойынша базалық акциялар мен дивидендтерге бенефициарлық құқы болуы рұқсат етіледі; және (4) сақтандыру компаниялары, инвестициялық компаниялар немесе зейнетақы қорлары түріндегі Ұлыбритания Ұстаушылары үшін салықтық салдарлар қарастырылмайды.

Аталған шолу жалпылай алғандағы нұсқаулық құрал болып табылады, және ол нақты Ұлыбритания Ұстаушылары тарапынан заң не салық мәселелері бойынша кеңес алу ретінде қарастырылуға жатпайды және қарастырылмауы тиіс. Сәйкесінше, инвесторлар салықтық жалпы салдарларға қатысты өздерінің салық мәселелері жөніндегі кеңесшілерімен ақылдасып, оның ішінде өздеріне қатысты нақты жағдай бойынша, Ұлыбритания заңдары мен салықтық және кедендік алымдар жөніндегі Ұлыбритания Мемлекеттік Басқармасы тәжірибесіне сай акцияларға не ЖДҚ-ға иелік ету, иеліктен шығару және сатып алу салдарларына да көңіл бөлгендері дұрыс.

Төлем көзі алдындағы табыс салығы

ЖДҚ бойынша түсетін табыс көзі Ұлыбританияда жоқ деп есептелген жағдайда, мұндай табысқа Ұлыбританиядағы төлем көзінен салық салынбауы тиіс. Акциялар бойынша дивидендтер төлеуге Ұлыбританиядағы төлем көзінен салық салынбайды.

Дивидендтерге салық салу

Акциялар не ЖДҚ бойынша дивиденд алатын Ұлыбритания Ұстаушысы төлем көзі алдындағы қазақстандық салық есебінде қандай да бір сома болуын ескере отырып, төлем көзі алдында қазақстандық салықтарды төлеп болғаннан кейін төленетін дивидендтің жиынтық сомасына Ұлыбританияда табыс немесе корпоративтік салық төлеуге міндетті болуы ықтимал (жағдайға қарай). Ұлыбритания Ұстаушысы – Ұлыбританияда тұрып жатқан және резидент болып табылатын жеке тұлға, акциялар не ЖДҚ бойынша төленетін дивидендке Ұлыбританияның табыс салығын төлейтін болады, және оның алған дивидендтің тоғыздан біріне тең болатын өтегісіз салық кредитіне құқы бар. Ұлыбританиялық Ұстаушы – Ұлыбританияда тұрмайтын, бірақ резидент болып табылатын және қаражат аудару негізінде Ұлыбританияда салық төлеуді таңдайтын, салық салуға құқы бар жеке тұлға, акциялар не ЖДҚ бойынша төленетін дивидендке, Ұлыбританияға дивиденд аударылған не аударылған болып саналатын жағдайда Ұлыбританияның табыс салығын төлейтін болады, сол сияқты, ол алған дивидендтің тоғыздан біріне тең болатын өтегісіз салық кредитіне құқылы.

Салық салу мақсатында Ұлыбританияның резидент компаниясы болып табылатын Ұлыбритания Ұстаушысы акциялар не ЖДҚ бойынша төленетін дивидендке корпоративтік салық төлеуге жатпайды, бірақ егер оған қатысты салық төлеуден бас сауғалауға қарсы белгілі бір ережелер қолданылатын жағдайларды есепке алмағанда.

Иеліктен шығаруға немесе иеліктен шартты түрде шығаруға қатысты салық төлеу

Ұлыбритания Ұстаушысының акциялардағы не ЖДҚ-дағы үлестерін иеліктен шығару Ұлыбританияда салық салынатын табысқа салық салу мақсатында салық салынатын табыс есебіне немесе рұқсат етілген шегерімге жатқызылуы мүмкін, бұл арада салық төлеуден босатылуға жататын Ұлыбритания Ұстаушысының жағдайына қатысты. Ұлыбританияда тұрып жатқан жеке тұлға-резидент болып табылатын Ұлыбритания Ұстаушысы, акциялардағы не ЖДҚ-дағы үлесін иеліктен шығарғанда салық салынатын табыс бойынша капитал өсіміне Ұлыбританияда салық төлеуге міндетті. Ұлыбританияда тұрмайтын, бірақ резидент болып табылатын және қаражат аудару негізінде Ұлыбританияда салық төлеуді таңдайтын салық салуға құқы бар Ұлыбританиялық Ұстаушы жеке тұлға – акциялардағы не ЖДҚ-дағы үлесін иеліктен шығарғандағы салық салынатын табыстың капитал өсіміне Ұлыбританияға аударылған не аударылған болып саналатын жағдайдағы деңгейде Ұлыбритания салығын төлейтін болады. Былайша айтқанда, ЖДҚ бойынша келісімдер Лондон қор биржасында табысты аударуға әкеліп соғуы мүмкін, соған сәйкес, Ұлыбританияда оның капитал өсіміне салық салынады.

Толық бес жылға жетер-жетпес аралықта резиденттіктен шыққан немесе Ұлыбританияда тұрмайтын акциялар не ЖДҚ ұстаушы жеке тұлға – салық салу мақсатында мұндай акцияларын не ЖДҚ-ны осынау кезең аралығында иеліктен шығарып жатса, Ұлыбританияға қайтып оралғанда иеліктен шығару кезеңінде ол резидент болып табылмаған күннің өзінде де және сол кезеңде Ұлыбританияда тұрып жатпаған жағдайда да капитал өсіміне Ұлыбритания салығын төлеуге міндетті болуы мүмкін.

Заңды тұлға болып табылатын Ұлыбритания Ұстаушысы акциялар не ЖДҚ сатудан түскен қандай да бір салық салынатын табыс бойынша Ұлыбританияның корпоративтік салығын төлейтін болады.

Төлем көзі алдындағы қазақстандық салықтардың әрекеті

Акциялар және ЖДҚ бойынша дивидендтер төлеуге төлем көзі алдында қазақстандық салық салынады. Ұлыбритания Ұстаушысы – жеке тұлға-резиденттің бұл тұрғыдағы төлемдерден ұсталған төлем көзі алдындағы қазақстандық салықты, мұндай соманы есепке алудың Ұлыбританиядағы есептеу тәртібіне сәйкес Ұлыбританияның мұндай төлемге салынатын табыс салығына есептеу құқы болуы тиіс. Ұлыбританияның резидент компаниясы болып табылатын акциялардың Ұлыбританиялық Ұстаушысы, әдетте, төленген дивиденд бойынша корпоративтік салық төлемейді, сондықтан да оның, әдетте, төлем көзі алдында қандай да бір қазақстандық салықтардан шегеруді талап ету жағдайы болмайды.

Елтаңба алымы және елтаңба алымына эквивалентті салық («ЕАЭС»)

Келісімді ресімдеуші немесе бір не бірнеше акция әлде ЖДҚ-ны табыстау жөніндегі келісім ескерілген құжатқа (i) Ұлыбританияда қол қойылмаған болса, немесе (ii) Ұлыбританиядағы қандай да бір меншікке немесе Ұлыбританияда орын алған не орын алуы ықтимал әрекетке қатысты емес (бұл Ұлыбританиядағы банктік есеп-шоттардың төлемдеріне қатысуды ескеруде мүмкін) деп саналған жағдайда, мұндай құжатқа жария етілген күн бойынша елтаңбалық алым салынбауы тиіс.

Егер, тіпті, келісімді ресімдеуші немесе бір не бірнеше акция әлде ЖДҚ-ны табыстау жөніндегі келісім ескерілген құжатқа (i) Ұлыбританияда қол қойылған болса және/немесе (ii) Ұлыбританиядағы қандай да бір меншікке немесе Ұлыбританияда орын алған не орын алуы ықтимал әрекетке қатысты болған күннің өзінде, іс жүзінде Ұлыбританияда мұндай құжатқа жария етілген күн бойынша елтаңбалық салық салынбауы тиіс, егер мұндай құжат Ұлыбританиядағы қандай-бір мақсаттар үшін қажет болмаса. Егер Ұлыбританияда жария етілген күн бойынша елтаңбалық алым төлеу қажеттілігі туындап жатса, онда пайыздар және айыппұлдар төлеу қажеттілігі орын алуы ықтимал.

Жаһандық депозитарлық қолхаттар – құны фунт стерлингпен белгіленбеген құнды қағаздарға жатқызылатындықтан, «ұсынушы табыстаған құжат» бойынша ЖДҚ шығарылуына да, ЖДҚ арқылы табысталатын құнды қағаздарды табыстауға да елтаңбалық алым төленбеуі тиіс.

Егер акциялар (i) Ұлыбританиядағы реестрде тіркелмейді немесе (ii) Ұлыбританияда тіркелген компания шығарған акциялармен біріктірілмейді деп саналған жағдайда, акцияларды не ЖДҚ-ны табыстау жөніндегі келісімге ЕАЭС салынбауы тиіс.